

**Жанғара ДӘДЕБАЕВ,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры,
филология ғылымдарының докторы, профессор**

АРДАҒЕР ҺӘМ АРДАҚТЫ




Қазақстан жоғары мектебінің педагогика және психология саласындағы аса көрнекті қайраткерлерінің, ұлағатты ұстаздық қызметімен, іргелі ғылыми-зерттеу еңбектерімен халық шаруашылығы үшін жоғары білімді және жоғары білікті мамандардың әлденеше легін тәрбиелеп өсірген аға буын ғұлама профессорлардың қатарында Жолмұқан Түрікпенұлының тұлғасы айналасына жарық таратып, нұр шашып тұрады. Жолмұқан Түрікпенұлының

әпкесі Жамал апай әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетінде ұзақ жылдар ұстаздық қызмет атқарды. Факультеттегі ұстаз апайлар Жамал апайдың інісі Жоғары және орта арнаулы білім министрлігінде лауазымды қызмет атқаратынын айтатын. Жамал апайдың інісіне деген қамқорлығын, мейірімін сезетінбіз.

Бибиғапа атты үлкен апамыз болды. Жарықтық өте жақсы адам еді (Алла рақым етсін рухына). Нұра ауылындағы ең үлкен кісі болатын. Басқа кісілердің бәрі ол кісіні Биапа дейтін. Биапа көбіне өзінің төркіні, ондағы белгілі кісілер туралы әңгіме айтады. Сонда Жолмұқан Түрікпенұлының әкесі, атасы жайында айтқан әңгімесі менің есімде қалыпты. Жолмұқан Түрікпенұлының атасы мен Бианың әкесі ағайын кісілер екен. Сол әңгіменің жайын Бианың немересі, университеттің ұстазы Сәуле Бейсентайқызынан сұрап, білгенімді жаңартып алдым. Елді зорлықпен ұжымдастыру, байлардың дүние-мүлкін тәркілеу, өздерін

жер аудару науқанында Жолмұқан Түрікпенұлының атасы мен Бианың әкесі алтындарын жасырып кеткен екен. Кейін сол қазына-байлық қанша іздегенде де табылмапты. Биана сол алтынның мүлде табылмай кеткенін айтады.




Түрікпен атамыздың сандығының түбінде алтын кездік пен патшаның алтын сөлкебайлары сақталыпты. Ол кісі алтын кездік пен сөлкебайларды өзінің туғандарына бөліп береді. Сонда біздің Биамызға бірнеше алтын сөлкебай мен алтын кездіктің бір кесімі тиіпті. Сол асыл заттар Биамыздың сандығының түбінде мұндаға дейін сақталыпты. Би-апамыздың әңгімесінен Жолмұқан Түрікпенұлының аталарының Ақши, Түр-

ген, қазіргі Еңбекшіқазақ аумағындағы айтулы, атақты кісілер болғанын түсіндім, ол кісілердің қиын тағдыры туралы білдім.

Жолмұқан Түрікпенұлы өзінің өмір жолындағы ерекше маңызды бір кезді ұстазы Төлеген Тәжібаев жайында жазған естелігінде зор құрметпен тебіреніп еске алады. 1951 жыл. Қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Физика-математика факультетінің оқуға жаңадан қабылданған студенті. Ауылы Алматыдан 70 шақырым қашықтықта. Еңбекшіқазақ ауданына қарасты Шыбыл ауылы. Жатақханаға орналастыруға жауапты кісі: «Алыс аймақтардан келген студенттерді орналастырып жатырмыз. Сенің ауылың жақын екен, бірдеме қылып күнінді көрерсің», - дейді. Ауылы алыс болмаса да, жатар орынсыз оқу қиынға соқты. Жоғары курс студенттерінің кеңесімен университеттің ректорының қабылдауына барды. Университет ректоры Төлеген Тәжібаев Жолмұқан Түрікпенұлын жылы шыраймен қабылдады. Ұстаздың жылы шырайы, ықылас-

мейірі студенттің толқыған көңілін орнына түсірді. Ректор студенттің тілегін орындап, жақсы оқу туралы талабын айтты. Студенттің қуанышы қойнына сыймай, жүрегі аттай тулады.

Жолмұқан Түрікпенұлы - әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 1957 жылғы түлегі. Жас маман жоғары мектептегі еңбек жолын Қарағанды пединститутында оқытушы болып бастады. Осында пединституттың педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі болып қызмет атқарып жүрген Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің түлегі Сәлкен Балаубаевпен танысады. Бұл кісі отыз жетінші жылдың қуғын-сүргінін көрген, жиырма



жылын итжеккенде өткізген, қилы заман қыспағынан аман қалған, жүрегінің көзі ашық аяулы жан еді. Осы кісі Жолмұқан Түрікпенұлына педагогика мен психология ғылымдары саласында ғылыми ізденіс жұмыстарын жүргізуге кеңес берді. Сәлкен Балаубаевтың:

«Жолмұқан, сенің ойлау жүйең қазақша екен. Сөзің өте жатық. Психология ғылымында өзіндей тілді жетік білетін ұлттық мамандар өте аз. Бұл – адамның жан дүниесін тану ғылымы... Сен осы психология ғылымын қолға алсаң қайтеді? ҚазМУ-дың ректоры, ғұлама-психолог Төлеген Тәжібаевпен өзім таныстырар едім. Құдай қазақтың бағына берген жігіт қой ол. Ондай ғалыммен дүниені төңкеруге болады», - деген сөзі жас оқытушының жүрегін тербеді, психология ғылымына қызығушылығын туғызды. Сәтті күні Сәлкен Балаубаев Жолмұқан Түрікпенұлын Төлеген Тәжібаевқа алып барды. Төлеген Тәжібаев психология ғылымы саласында шәкірт тәрбиелеу, маман даярлау мақсатымен келген Сәлкен Балаубаевтың өзін де, ұсыны-

сын да күлімсіреп, көздерінен ұшқын шашып қабылдады. «Сәлке, сіздің шәкірт таңдауда қателеспейтініңізді білемін», - деп, Сәлкен Балаубаевты да, Жолмұқан Түрікпенұлын да мәз-мейрам етті.

Төлеген Тәжібаевтың алдына ғылым іздеп келген Жолмұқан Түрікпенұлы аспирантураға қабылданды, диссертациялық зерттеуінің тақырыбы «Балаларды еңбекке тәрбиелеудің психологиялық негіздері» болып бекітілді, ғылыми жетекшісі Төлеген Тәжібаевтың өзі болды. Осы сәттің нұрлы арайы бүгінгі педагогика және психология ғылымдары саласындағы аға буын профессорлардың көрікті де көрнекті легін бастап келе жатқан Жолмұқан Түрікпенұлының есінде, әлі күнге дейін ұмытылған жоқ. Төлеген Тәжібаев пен Сәлкен Балаубаевтың жарқын бейнесі әрдайым көз алдында. Төлеген Тәжібаевтың: «Адам бойындағы жақсы қасиеттерді көре білу және соған сүйене отырып, оның одан да жақсы блуына көмектесу», - деген ұстанымын өзінің ғылыми-педагогикалық қызметінің, өмірінің басты қағидасына айналдырды.

Ғылым мен білім жолында ізденуші талантты жастың жақсы ортаға түсуі, жақсы ұстазға кезігуі бақытпен парпар: ұстаз үшін де, шәкірт үшін де. Мұндай қазыналы сәт әрбір екі шәкірттің бірінің басында болмайды. Мұндай қазыналы сәт маңдайында бағы бар шәкірттің ғана басында болады. Ұстаз Төлеген Тәжібаев пен шәкірт Жолмұқан Түрікпенұлының басындағы осы бір қазыналы сәтті болмыстың таңғажайып сыйы деп қабылдауға болар еді.

Жолмұқан Түрікпенұлы диссертациялық зерттеуін жазып бітіріп, эне-міне қорғаймын де жүргенде, ғылыми жетекшісі Төлеген Тәжібаев қайтыс болды. Бұл 1964 жылдың жазы еді. Ата-анасындай әлпештеген ғылыми жетекшісінің кенеттен қайтыс болуы аспирантын қатты қиналысқа түсірді. Аспирант Жоғары және орта арнаулы білім министрлігіне ауысты, ғылыми-педагог кадрлар даярлауды ұйымдастыру, басқару ісімен айналысты. Төлеген Тәжібаев көзі тірісінде Жолмұқан Түрікпенұлын Жоғары және орта арнаулы білім министрі Қали Біләловке ертіп барып, одан шәкіртінің тұрмыс жағдайын жақсартуға көмек сұраған еді. Министр осы жайларды ескеріп, Төлеген Тәжібаевтың шәкіртіне қол ұшын беріп, қамқор болды.

Жолмұқан Түрікпенұлы Жоғары және орта арнаулы білім министрлігінде он жылдан астам уақыт еңбек етіп, халық шаруашылығы үшін ғалым-педагог кадрлар даярлау ісін

жаңа сапалық деңгейге көтерді.

Академик-профессор Жолмұқан Түрікпенұлы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде қызмет ете жүріп, ұстазы Т. Тәжібаевтың ғылыми шығармашылық мұрасын профессор Қ. Жарықбаевпен бірге жылдар бойы жинастырып, ерен еңбек етті. Т. Тәжібаевтың он томдық шығармалар жинағын баспаға дайындады, таңдамалы шығармаларының үш томдығын жарыққа шығарды, еңбектерінің библиографиялық көрсеткішін, ғылыми өмірбаянын жасады. Осы ретте Жолмұқан Түрікпенұлының «Академик Төлеген Тәжібаев» атты монографиясының әлеуметтік маңызының зор екенін айрықша атап айту парыз.

Жолмұқан Түрікпенұлы – Қазақстан жоғары мектебінің ардагер һәм ардақты тұлғасы. Ол - жалпы психология, педагогикалық психология бойынша 200-ден астам еңбектердің авторы. Жеке авторлығымен және әріптестерімен бірге оннан астам монографиялық зерттеулер мен оқу құралдарын жариялады. Зерттеулерінің нәтижелері негізінде жаңа оқу пәндері мен жаңа лекциялық курстар дайындап, өндіріске енгізді, халық шаруашылығы үшін көпмыңдаған жас мамандар даярлады, Қазақстан жоғары мектебінің дамуына зор еңбек сіңірді.

Қазақ ғылымы мен білімінің асқар биігінде самғай беріңіз АРДАГЕР ҺӘМ АРДАҚТЫ ҰСТАЗ!

22.02.2024